

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.357-360

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМІ АРҚЫЛЫ САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ

*Дуйсенова А.И.*

Дұрыс тамақтану- мемлекеттік саясаттағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда барлық мемлекетте салауатты тамақтану проблемасы орын алып отыр. Дамыған елдерде бұл мемлекеттік саясаттың ең маңызды проблемасы ретінде танылады. Біздің республикамыз егемендінін 1991 жылы алуына байланысты түйіні әлі толығымен шешілмей отырған мәселелер бар. Атап өтер болсақ: медициналық зерттеу негізіндегі рационалды тамақтанудың талаптарын анықтау; тағамдық азық- түліктерді бақылаудың әдістерін жетілдіру; тағамдық азық- түліктердің сұрыптарын кеңейту және технологияны жаңарту т.б.

Төменде халықтың тамақ өнімдерін тұтынуын жан басына шаққаны бойынша көруімізге болады.

Кесте -1. Халықтың тамақ өнімдерін тұтынуы жан басына орташа шаққанда, кг

Жыл	нан өнімдері және жарма өнімдері	ет және ет өнімдері	балық және теңіз өнімдері	сүт және сүт өнімдері	жұмыртқа (дана)	жемістер
<b>2013</b>	<b>124,5</b>	<b>69,7</b>	<b>11,3</b>	<b>228,6</b>	<b>158,1</b>	<b>60,8</b>
I тоқсан	30,4	17,0	2,8	53,3	37,4	11,7
II тоқсан	30,4	16,8	2,9	59,1	43,2	10,5
III тоқсан	30,4	17,5	2,6	59,1	39,7	24,9
IV тоқсан	31,5	18,5	3,1	57,2	37,8	13,5
<b>2014</b>	<b>126,2</b>	<b>70,7</b>	<b>11,0</b>	<b>225,6</b>	<b>157,7</b>	<b>60,8</b>
I тоқсан	30,9	17,4	2,7	53,3	36,3	12,0
II тоқсан	30,3	16,8	2,7	56,3	41,6	10,6
III тоқсан	30,8	17,4	2,6	58,1	40,1	24,9
IV тоқсан	32,5	19,0	3,0	57,9	39,5	13,1

<b>2015</b>						
I тоқсан	30,9	17,9	2,9	55,5	39,0	12,7
II тоқсан	30,9	17,7	2,8	58,9	41,9	11,6
III тоқсан	31,6	18,2	2,6	59,9	41,8	26,3

Бұл кестеден 2013 жылмен 2014 жылды салыстырғанда балық және теңіз өнімдері 0,3 кг, сүт және сүт өнімдері 3 кг, жұмыртқа 0,4 данаға азайып отырғанын байқауға болады.

Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында 1000- нан аса шикізат түрі бар екені, қолданылып отырған биологиялық және химиялық пестицидтердің пайда болуы 300 000 түрден асып отырғаны анық. Сапасына талдама жасау кезінде ережеге сәйкес шикізатты микробқа, горманальды қосындыға және азық- түліктік зат алмасуын тексереді. Бірақ өкінішке орай талдама жасауға қажет құралдардың жеткіліксіздігіне байланысты бұл сұрақты толықтай шешу қиындық тудыратынын атап өту керек.

Біздің мемлекеттік және қоғамдық зерттеу орталықтары жедел әдістермен және зерттеу орталықтарымен қанағаттанарлық дәрежеде ғана қамтылған. Денсаулыққа зиянды өнімдердің шығарылуына шек қойылатын бірыңғай саясаттың өзара байланысы жоқ деуге болады. [2]

Қазіргі таңда тұтынатын азық- түліктің құрамында микробтың болуы, бактериалдық уланудың пайда болуы дабыл қақтырар жағдай болып отыр. Ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің негізгі мақсаты- өндірушілерді жоғары сапалы шикізатпен, ал халықты барынша табиғи азық- түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Азық- түлікті өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібінің негізгі мақсаты денсаулыққа зиянын келтірмейтін тағам түрлерін қажет мөлшерде және жеткілікті түрде өндіру болып табылады және халықтың жас деңгейін, ұлт критерийін, денсаулық жағдайын, еңбек жағдайын ескеру маңызды екенін білуі керек.[5]

Өнім өндіруге жоғарғы талаптарға сай емес шикізатты қолданар болсақ, өндірілген өнімнің сапасы да нашар болатынын білуіміз керек, демек жоғары сапалы өнімді өндіргіміз келсе, барлық талаптарға сай шикізатты пайдалануымыз қажет. Өндірілетін өнімнен зиянды және улы заттарды аз немесе көп көлемде шығару сирек кездесетін жағдай. Өндіру кезінде шикізаттан кемістігін шығарудан гөрі жоғары сапалы шикізатты өндіру әлдеқайда оңай екені дәлелденген. Осыған байланысты қаржыны бөлу кезінде өнімнің сапасына талдау жасауға басымдылық берген дұрыс.

Ел тұрғындрының азық түлікпен қамтамасыздандырылу деңгейін бағалау үшін келесі критерийлерді пайдаланған жөн:

– тамақ өнімдерінің жалпы көлемінің 80-85 % отандық тауар өндірушілермен өндірілуі;

– тамақ өнімдерін тұтынуда халықтың тиімді калориялық деңгейімен қолдануы (2353 ккал тәулігіне) [3];

– тамақтанудың рационалды құрылымын қамтамасыздандыру және халық қажеттілігінің физиологиялық негізделген нормаларға сай толық қанағаттандырылуы;

– тамақ өнімдері сапасының техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігі;

– азық түліктің толықтырылушы сақтандыру қорының жылдық тамақ өнімдеін тұтыну көлемінің 25 % деңгейін құру;

– ел ішінде шығарылмайтын немесе импорт есебінен жеткіліксіз мөлшерде шығарылатын тамақ өнімдеріне қажеттілікті қанағаттандырудың шынайы мүмкіндігінің болуы;

– халықтың 1 жанға шаққанда 1 тоннадан кем емес бидай өндіру.

Халықтың тамақ өнімдерімен қамтамасыздандырудың минималды қажетті деңгейіне «тұтынушы себеті» азық түлік компоненті сәйкес келеді, яғни 43 негізгі тамақтану өнімдерінің жиынтығы, ол еңбекке қабілетті жастағы ер адамға қажетті және жынысы мен жас ерекшелігі бойынша дифференциалданған жылдық тұтыну нормаларымен анықталады. [1]

Соңғы жылдары экспортқа қарағанда импорт үлесінің артқанын байқауға болады.

2 кесте. 2014 жылы өндірілген ауылшаруашылық өнімдері  
млн доллар

	Барлығы	Ауылшаруашылық өнімі	Өндірілген ауылшаруашылық өнімі
Өндірістік	21 022,30	13 971,70	7 050,60
Экспорт	2 617,00	1 480,20	1 136,80
Импорт	4 200,60	1 281,00	2 919,60
Ішкі тұтыну	22 605,90	13 772,50	8 833,40

2014 жылы импорт үлесі экспортқа қарағанда 1,6 есеге өскен , соның ішінде ауылшаруашылық өнімі -0,8 есе азайса, өндірілген ауылшаруашылық өнімі 2,6 есеге көбейгенін байқауға болады. Осы негізде тамақтанудың теңестірілген саяси мемлекеттік анықтамасын талап етеді. Бұл саясатты республика үкіметі экономикалық дамыған отандық өнім өндіру арқылы шеше алады.Елімізде өндірілмейтін немесе аз өндірілетін өнімдерді басқа елдерден әкелу барысында толық жағдаймен қамтамасыз ету қажет. Дегенмен, басымдылық балаларға және басқада әлеуметтік қамтылмаған, диабетпен ауыратын адамдарға, экологиялық ластанған жерлерде тұратын және жұмыс жасайтын адамдарға берілу керек. [4]

Осы бағытта мемлекеттен жасалып жатқан шаралар әлі де тиімсіз болып отыр. Кедендік алымдарды қайтадан қарастыру шаралары іске

асырылуы және сырттан келетін азық- түліктің сапасын бақылауды арттыру, агроөнеркәсіптік кешендегі (бала тағамы, ет және сүт өнімдері, қант және т.б) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу қажет.

Мемлекеттік саясаттың салауатты тамақтану бағыты- азық- түлікті өндіру және оны тұтынудың нормативті негізі болуы керектігі және ол келесідегідей шараларды қамтуы керек:

- Тамақ өнімдерін сатуға өндірісті лицензиялау;
- Өндірілген өнімнің халықтың денсаулығына зиянын келтірмейтіндігі туралы құжаттың болмауы кезінде, мұндай өнімді шығаруға шектің қойылуы;
- Шетелден келетін азық- түліктің қауіпсіздігі туралы рұқсатнаманың болуы;

Бірақ, Қазақстан жерге бай мемлекет ретінде сырттан келіп отырған өнімдерді өз жерінде өндіруге толық мүмкіндігі бар. Мамандардың айтуынша халықтың денсаулығының 90 пайызы тұтынылып отырған азық-түлікке байланысты екен. Осы себепті біздің еліміз келесідегідей шараларды қолдануы қажет:

- Әр- түрлі тиімді тағамдармен қамтамасыз ету;
- Тұтыну тауарларының барлық халаққа қолжетімді болуы;
- Тамақ өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- Тамақтану саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың болуы;
- Тамақтану тағамдарын барынша байыту.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Агробизнес – 2020 бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары.
3. Продовольственная безопасность региона как составляющая безопасности экономики Казахстана при вступлении в ВТО (на примере ВКО) // Вестн. ВКГТУ. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006. – № 4. – С. 96–107 (в соавторстве).
4. Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы
5. Current Agricultural Practices Threaten Future Global Food Production. Yongbo Liu • Xubin Pan • Junsheng Li, Accepted: 1 December 2014 / J Agric Environ Ethics (2015) 28:203–216 DOI 10.1007/s10806-014-9527-6